

**«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының
(«Банк ЦентрКредит» АҚ)
үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың екінші шығарылымының**

ПРОСПЕКТІСІ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығаруды (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялар шығаруды) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды пеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Акционерлік қоғам болып табылатын эмитент Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпараттың, акционерлік қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің және аудиторлық есептердің, акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары тізімдерінің, сондай-ақ жылдың қорытындысы бойынша атқарушы орган мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпараттың Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 26 қаулысымен белгіленген тәртіппен және мерзімде орналастырылуын қамтамасыз етеді.

Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 102-бабының 2-тармағындағы өзгерістерді эмитент бағалы қағаздарды ұстаушыларға Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру және олар туындаған кезден бастап күнтізбелік (15) он бес күн ішінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидалары» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 26 қаулысында белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау арқылы назарына жеткізеді.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымының проспектісі

1.	Осы облигациялардың шығарылымы «Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының үшінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.				
2.	«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының облигациялық бағдарламасы туралы деректер:				
	1)	облигациялық бағдарлама проспектісі мемлекеттік тіркеуге қойылған күні:	09.06.2015 ж. № E99		
	2)	шегінде облигация шығарылымы жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай сипаттағы көлемі:	250 000 000 000 теңге		
	3)	Облигациялық бағдарлама аясындағы облигация шығарылымының реттік нөмірі:	Екінші		
	4)	үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде бұрынғы барлық облигациялардың шығарылымы туралы деректер:			
		шығарылымының реттік нөмірі	облигациялардың шығарылымын уәкілетті органда тіркеу күні	облигациялардың мөлшері мен түрі	номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі
		бірінші	11.08.2015 ж.	реттелген атаулы купондық қамсыздандырылған облигациялардың 500 000 000 данасы	Шығарылымның орналастырылған облигацияларының көлемі 162 464 257
3.	«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың (бұдан кейін – Эмитент) үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде облигациялардың екінші шығарылымының құрылымы:				
	1)	облигациялардың түрі:	Облигацияларды осы Проспектіде көзделген тәртіппен және талаптарға сәйкес акцияларға айырбастаған жағдайда, Эмитенттің жай акцияларына айырбасталатын реттелген атаулы купондық қамсыздандырылмаған облигациялар (бұдан кейін – Облигациялар). Облигациялар депозиторлар мен негізгі кредиторларға қатысты реттелген.		
	2)	бір облигацияның номиналды құны:	1 000 (бір мың) теңге.		
	3)	облигациялар саны:	60 000 000 (алпыс миллион) дана.		
	4)	облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:	60 000 000 000 (алпыс миллиард) теңге.		
	5)	облигациялар бойынша сыйақы:			
		сыйақы мөлшерлемесі	Облигациялардың номиналды құнының жылдық 4% мөлшерінде Облигациялар айналысының барлық мерзіміне белгіленген.		
		сыйақы есептеу басталатын күн, кезеңділігі және сыйақы төлейтін күн, сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары, сыйақыны алу тәсілі:	Сыйақы есептеу облигациялар айналысы басталған күннен бастап жүзеге асырылады. Купондық сыйақы облигациялар айналысының бірінші жылы үшін екі траншпен: <ul style="list-style-type: none"> ▪ Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 30 (отыз) күн үшін бірінші траншпен; ▪ бірінші транш аяқталған күннен бастап қалған 330 (үш жүз отыз) күн үшін екінші траншпен төленеді. 		

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымының проспектісі

		<p>Облигациялар бойынша кейінгі сыйақы осы Проспектіде көзделген тәртіппен, атап айтқанда жылына бір рет Облигациялар айналысы басталған күннен бастап өтеу күніне дейін жыл сайын төленеді. Сыйақы төленетін күннен кейінгі кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде купондық сыйақы облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен төленеді.</p> <p>Купондық сыйақы алу құқығы төлем жасалып жатқан кезеңнің соңғы күнінің басындағы жай-күйі бойынша облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген тұлғаларға беріледі.</p>
	сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:	Эмитент облигациялар бойынша купондық сыйақыны есептеуді 360/30 (бір жылда 360 күн / бір айда 30 күн) уақыт негізін есепке ала отырып жүзеге асырады.
6)	номиналды құн валютасы, негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:	Эмитент барлық төлемдерді (сыйақы мен борыштың негізгі сомасын төлеуді) қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүзеге асырады.
7)	облигацияларды орналастыру басталған күн және аяқталған күн:	
	облигацияларды орналастыру басталған күн:	«Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың сауда жүйесінде бірінші сауда-саттық ашылған күн. Облигацияларды орналастыру күні туралы хабарлама «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми сайтында (www.kase.kz) жарияланады.
	облигацияларды орналастыру аяқталған күн:	жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан барлық облигацияларын эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде облигация ұстаушылардың жеке шоттарына есептен шығару бойынша соңғы операция жүргізілген күн.
8)	облигациялар айналысы басталған күн және облигациялар айналысының мерзімі:	
	облигациялар айналысы басталған күні:	Жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан облигацияларды эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілімі жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде облигация ұстаушылардың жеке шоттарына есептен шығару бойынша бірінші операция жүргізілген күн.
	облигациялардың айналыс мерзімі:	Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл.
9)	облигациялар айналысы жоспарланатын нарық:	Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарығы. Эмитент немесе сол арқылы Эмитент бақылауды жүзеге асыра алатын немесе оның қызметіне елеулі ықпал ете алатын айрықша қатынастағы тұлға Облигацияларды сатып алуға, сондай-ақ Эмитент сияқты Облигацияларды сатып алуды тікелей немесе жанама түрде қаржыландыруға құқылы болмайды.
10)	орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі:	Облигацияларды төлеу және тәртібі мен талаптары, есеп айырысу тәсілдері «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ішкі ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымының проспектісі

		Эмитенттің сәйкес органы Облигацияларды инвесторлардың шектелмеген тобының арасында орналастыру туралы шешім қабылдағаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде «Казахстанская Правда» және/немесе «Егемен Қазақстан» газеттерінде облигациялардың орналастырылатыны туралы хабарлама (мемлекеттік және орыс тілдерінде) жариялайды.
11)	облигацияларды өтеу тәртібі:	
	облигацияларды өтеу күні:	Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл өткеннен кейін Облигациялар өтеледі.
	облигацияларды өтеу талаптары:	Облигациялар облигациялардың теңгемен номиналды құны бойынша өтеледі және облигациялар айналыста болған соңғы күннен кейінгі күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ақша аудару арқылы соңғы купондық сыйақы төленеді.
	облигацияларды өтеу тәсілі:	Облигациялардың номиналды құнын және соңғы купондық сыйақыны төлеу облигациялар айналыста болған соңғы күннің басындағы жай-күйі бойынша облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы жүргізіледі.
12)	Эмитенттің Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу құқығы:	<p>Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 5 (бес) жыл өткеннен кейін ғана және төменде көрсетілген талаптарды бір уақытта орындаған кезде Эмитенттің бастамасы бойынша Эмитенттің облигацияларын мерзімінен бұрын сатып алуға (кері қайтаруға/орындауға) болады:</p> <p>а) бұл іс-әрекет Эмитент капиталының жеткіліктілік коэффициенттері мәндерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан кейін – Уәкілетті орган) белгілеген мәндерден төмен болуына әкеп соқпайды;</p> <p>б) Эмитенттің Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуына қатысты Уәкілетті органның оң қорытындысының болуы;</p> <p>в) капиталды ауыстыру үшін дәл сондай сападағы немесе одан жақсы сападағы капитал ұсыну;</p> <p>г) Эмитенттің шоғырлануын Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу (кері қайтару/орындау) нәтижесінде капиталдың талап етілетін ең төмен деңгейінен жоғары деңгейге жақсарту.</p> <p>Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі бойынша ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықта облигацияларды сатып алуға (кері қайтаруға/орындауға) құқылы.</p> <p>Облигацияларды сатып алу (кері қайтару/орындау) бағасы:</p> <ul style="list-style-type: none"> ▪ ұйымдастырылған нарықта «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-та қалыптасқан нарықтық баға негізінде мәміле жасаған кезде; ▪ ұйымдастырылмаған нарықта мәміленің тараптарының келісімі бойынша белгіленеді. <p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде, ал белгіленген мерзім көрсетілмеген кезде - Эмитенттің Директорлар кеңесі шешім</p>

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымының проспектісі

		қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитентке қойған талапты, айналыс тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, Облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыруы бойынша ықтимал іс-әрекеттер тізбесін көрсете отырып, Эмитент осы факт туралы Эмитенттің ресми сайтына (www.bcc.kz) және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың интернет-ресурсына (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсына (www.dfo.kz) жариялау және облигация ұстаушылардың өкілдеріне хабарлау арқылы облигация ұстаушыларға хабарлайды.
	13) Облигациялар бойынша қамсыздандыру:	Осы шығарылымның облигациялары қамсыздандырылған немесе ипотекалық, сондай-ақ Эмитенттің немесе онымен байланысты тұлғаның кепілдігімен өтелген болып табылмайды және қандай да бір азаматтық-құқықтық шарттардан туындайтын міндеттемелерді және Эмитенттің басқа кредиторы алдында басым күшке не болатын өзге талаптарды көздемейді.
	14) концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдеме беру туралы қаулысының деректемелері:	Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.
4.	Эмитент бұрын шығарған, айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтары бойынша ақы төленетін облигацияларды шығарған кезде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі. Осы талап Облигациялар шығарылымына қолданылмайды.	
5.	Айырбасталатын облигациялар:	
	1) облигациялар айырбасталатын акциялардың түрі, саны және орналастыру бағасы, осындай акциялар бойынша құқықтар:	Облигациялар Эмитенттің жай акцияларына айырбасталады. Эмитенттің облигациялар айырбасталатын жай акцияларының жалпы саны айырбасталатын Облигациялар мен айырбастау коэффициентінің көбейтіндісі ретінде есептеледі. Айырбастау коэффициентін пайдалана отырып алынған, Эмитенттің облигациялар айырбасталатын жай акцияларының жалпы саны келесі ережеге сүйене отырып, дөңгелектенуі тиіс: бүтін санның оннан бір бөлігі (үтірден кейін бір таңба) есепке алынады; бестен онға дейінгі сан нөлге дейін дөңгелектенеді және бүтін сан бірге дейін көбейтіледі; нөлден төртке дейінгі сан нөлге дейін дөңгелектенеді және бүтін өзгеріссіз қалады. Айырбастау коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі: Айырбастау коэффициенті = Бір облигацияның құны / Эмитенттің бір акциясының қалдық құны мұндағы, а) бір Облигацияның құны бір Облигацияның номиналды құнының және айырбастауды есептеу күні ол бойынша есептелген (төленбеген) сыйақының

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымының проспектісі

		<p>сомасы ретінде есептеледі;</p> <p>б) Эмитенттің бір акциясының қалдық құны келесі формула бойынша есептеледі:</p> <p>Эмитенттің бір акциясының қалдық құны = БКС-К-Р/Эмитенттің орналастырылған акцияларының саны мұндағы,</p> <p>в) БСК – айырбастау күніндегі Эмитенттің баланстық меншікті капиталы;</p> <p>г) К – егер бұрын танылған және амортизацияланбаған кіріс болса, онда Банктің баланстық меншікті капиталын Облигациялар бойынша осындай бұрын танылған және амортизацияланбаған кіріс сомасына азайту бойынша ҚЕХС-қа¹ сәйкес айырбастау күні облигацияларды айырбастаудың салдарынан жүргізілген бухгалтерлік жазбалар (түзетулер);</p> <p>д) Р – соңғы есепті күні Нұсқаулыққа² сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) арасындағы және ҚЕХС-ке және «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес айырбастау күні қалыптастырылған және көрсетілген провизиялар (резервтер) арасындағы оң айырма (бұдан кейін – Оң айырма).</p> <p>Уәкілетті орган облигацияларды айырбастау туралы шешім қабылдаған күннің алдындағы жұмыс күні айырбастау күні ретінде танылады.</p> <p>$(БМК - К - Р) \leq$ облигациялар шығарылымының жалпы көлемінің 1% көп болмаған жағдайда, айырбастау коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:</p> <p>Айырбастау коэффициенті = Эмитенттің орналастырылған акцияларының саны* 99/ Айырбасталатын акциялардың саны.</p> <p>Эмитенттің облигациялар айырбасталатын жай акцияларын орналастыру бағасы Облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастау үшін қажетті бағаға тең.</p> <p>Эмитенттің облигациялар айырбасталатын жай акцияларын ұстаушылар Эмитенттің жай акцияларын ұстаушы - басқа акционерлер сияқты құқықтарға ие болады.</p>
2)	Облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары:	<p>Осы Проспектінің талаптарына сәйкес Эмитент қабылдаған шектеулердің (ковенант) бірін және (немесе) бірнешеуін бұзған жағдайда ғана Облигация ұстаушылардың Облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастауға құқығы бар.</p> <p>Проспектінің талаптарына сәйкес Эмитент қабылдаған шектеулерді (ковенантты) бұзу фактісі, Облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастау туралы шешім, Облигацияларға</p>

¹ Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары.

² Уәкілетті орган бекіткен, қарыздар және дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құныздануына бөлінген провизиялар (резервтер) құру жөніндегі нұсқаулық.

		<p>айырбасталатын Эмитенттің жай акцияларының саны және айырбасталатын Облигациялардың саны Уәкілетті органның шешімімен айқындалады.</p> <p>Уәкілетті орган Эмитентке шектеулерді (ковенантты) бұзу белгілерін анықтау туралы алдын ала хабарламаны жолдағаннан кейін және Эмитент көрсетілген хабарламағаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ұсынылған Эмитенттің негізделген қарсылықтары (растау құжаттарының көшірмелерімен бірге) қаралғаннан кейін Уәкілетті орган Басқармасының шешімі қабылданады.</p> <p>Уәкілетті органның хабарламасында Облигациялар айырбасталатын Эмитенттің жай акциялар санының алдын ала есебі және айырбасталатын Облигациялардың саны көрсетіледі.</p> <p>Эмитенттің аталған хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Уәкілетті органға жазбаша жауап ұсынбауы негізделген қарсылықтардың жоқтығын білдіреді.</p> <p>Облигацияларды жай акцияларға айырбастау келесі тәртіппен жүргізіледі:</p> <p>а) Эмитент осы Проспектінің талаптарына сәйкес Эмитент қабылдаған шектеулерді (ковенантты) бұзған жағдайда, Уәкілетті органның Басқармасы Проспектінің талаптарына сәйкес Эмитент қабылдаған шектеулерді (ковенантты) бұзу фактісінің болуы, Облигацияны Эмитенттің жай акцияларына айырбастау туралы шешім қабылдайды және Эмитенттің облигациялар айырбасталатын жай акцияларының саны мен айырбасталатын Облигациялардың санын бекітеді;</p> <p>б) Уәкілетті орган шешім қабылданған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Уәкілетті орган Басқармасының шешімінің көшірмесімен бірге Облигацияларды айырбастау құқығын іске асыру үшін Облигация ұстаушыларға және Эмитентке жазбаша хабарлама жөнелтеді;</p> <p>в) Облигация ұстаушылар Уәкілетті органның жазбаша хабарламасын алған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-тың Эмитенттің облигацияларын оның жай акцияларына айырбастау туралы жазбаны енгізуі бойынша іс-шаралар қабылдайды.</p> <p>Эмитент Облигацияны айырбастау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті.</p> <p>Облигацияларды айырбастау құқығы осы Проспектінің талаптарына сәйкес Эмитент қабылдаған шектеулер (ковенанттар) қолданыста болатын кезең ішінде күшінде болады.</p> <p>Облигациялар осындай айырбастау үшін қандай да бір сыйақылар төленбей Эмитенттің жай акцияларына айырбасталады.</p> <p>Эмитент пен оның акционерлерінің Облигация ұстаушылардан Эмитенттің бір акциясының қалдық</p>
--	--	--

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымының проспектісі

		<p>құны мен айырбастау күніндегі эмитенттің жай акциясының нарықтық құны арасындағы айырмасы нәтижесінде қандай болмасын төлемдерді алуға құқығы жоқ.</p> <p>Облигацияларды эмитенттің жай акцияларына айырбастау жағдайында Облигациялар шығарылымы Уәкілетті органның Басқармасының шешіміне сәйкес ішінара немесе толық айырбасталады.</p> <p>Облигациялар шығарылымы толық айырбасталған жағдайда Облигациялар шығарылымының айырбастау аяқталған күннен бастап бір ай ішінде күшін жою қажет.</p> <p>Егер Облигациялар шығарылымы толық айырбасталмайтын болса, онда сатып алынған Облигацияларды Эмитент бұдан әрі иеліктен шығармайды және олар айналыс мерзімінің соңында өтеледі.</p>
6.	Облигациялар ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер:	
	1) облигациялар ұстаушылар толық және кысқаша өкілінің атауы:	«Сентрас Секьюритиз» акционерлік қоғамы
	2) облигациялар ұстаушылар орналасқан жері, байланыс телефондары:	Қазақстан Республикасы 050008, Алматы қ., Манас көш., 32А телефон: +7 (727) 259-88-77, факс: +7(727) 259-88-87
	3) эмитенттің облигациялар ұстаушылардың өкілімен жасасқан шартының күні мен нөмірі:	17.03.2014ж. №139-1 Облигация ұстаушылардың мүдделеріне куәлік ету туралы шарт. 17.03.2014ж. №139-1 Облигация ұстаушылардың мүдделеріне куәлік ету туралы шартқа 28.09.2017ж. №20/1 Қосымша келісім
7.	Төлем агенті туралы мәліметтер (бар болған жағдайда): Эмитент купондық сыйақыны және номиналды құнын өз бетінше төлейді.	
8.	Эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болу мәселелері бойынша кеңес беру қызметін ұсынатын тұлға туралы мәліметтер: Облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ тізіміне қосуды және олардың тізімде болуын Эмитент өз бетінше жүргізеді.	
9.	Облигация арқылы оның ұстаушысына берілетін құқықтар:	
	1) облигация ұстаушысының құқықтары:	<ul style="list-style-type: none"> ▪ Осы Проспектіде көзделген айырбастау тәртібіне және талаптарына сәйкес Облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастау құқығы; ▪ Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Проспектіге сәйкес облигациялармен мәмілелер жасау; ▪ Осы Проспектіде көзделген талаптармен және мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу; ▪ Осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде бекітілген сыйақыны алу; ▪ Қазақстан Республиканың заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу; ▪ Қазақстан Республикасының заңнамасында

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымының проспектісі

		<p>көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру;</p> <ul style="list-style-type: none"> ▪ Осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде облигациялар бойынша сыйақы мен негізгі борышты төлеуге қатысты Эмитент өз міндеттемелерін орындамаған әр күн үшін өсімпұл төлеу түрінде тұрақсыздық айыбын талап ету; ▪ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтарды иелену. <p>Эмитент осы Проспектіде көзделген өз міндеттемелерін және шектеулерді (ковенанттарды) сақтаған кезде облигация ұстаушылардың мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген.</p> <p>Облигация ұстаушылардың төлем (купон) деңгейін арттыруды талап ету құқығы көзделмеген.</p> <p>Эмитент банкрот деп танылған немесе таратылған жағдайларды қоспағанда, Облигация ұстаушылардың сыйақы мен номиналды мерзімінен бұрын төлеуді талап ету құқығы көзделмеген.</p> <p>Эмитентті таратқан кезде Облигациялар бойынша талаптар (қамтамасыз етілмеген міндеттемелер) акционерлердің – жай акциялардың меншік иелерінің талаптарына дейін сегізінші кезекте қанағаттандырылады.</p>
2)	<p>осы құқықты іске асыру талаптарын, тәртібі мен мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығарылымының проспектісінде көзделген шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде эмитенттің облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы:</p>	<p>Облигация ұстаушыларының Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алу (кері қайтару/орындау) туралы талап қоюға құқығы жоқ. Облигация ұстаушыларына олар бұзылған жағдайда Эмитентке Облигацияларды кері сатып алуға түрткі болатын құқықтар беретін осы Облигациялар шығарылымына қатысты шектеулерді (ковенанттарды) Эмитент қабылдамайды.</p>
3)	<p>егер сыйақыны және (немесе) негізгі борышты төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтар бойынша жүргізілетін болса, осы құқықтың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықты бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың, сондай-ақ осы құқықтардың басқа</p>	<p>Эмитент сыйақы және (немесе) негізгі борыш төлемін өзге мүліктік құқықтар бойынша жүзеге асырмайды.</p>

*«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі
облигациялардың екінші шығарылымының проспектісі*

	тұлғаға өтуін іске асыру тәртібінің сипаттамалары:	
10.	Орнаған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:	
1)	Орнаған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:	<p>Дефолт – эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелердің орындалмауы.</p> <p>Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жағдайы болып осы проспектіде белгіленген сыйақыны және/немесе негізгі борышты өтеу мерзімі аяқталған күннен кейінгі күннен бастап есептелетін сыйақыны (купонды) және/немесе облигациялар бойынша номиналды құнды төлемеу немесе толық төлемеу танылады.</p> <p>Егер осындай төлемеу және/немесе толық төлемеу осы Проспектіде белгіленген мерзімде Эмитенттің сыйақыны және/немесе номиналды құнды төлеуіне мүмкіндік бермейтін облигация ұстаушының банктік шоттарының деректемелерін Эмитенттің шынайы немесе толық алмауының немесе «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-тың Эмитентке Облигация ұстаушылардың тізілімін заңнамада белгіленген және онымен жасалған шартта көрсетілген мерзімде ұсынбауының нәтижесі болса, Эмитенттің сыйақыны және/немесе облигацияның номиналды құнын төлемеуі немесе толық төлемеуі облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды.</p> <p>Егер Эмитенттің осы Проспект бойынша өз міндеттемелерін орындамауы дүлей күшті жағдайлардың салдарынан болса, онда Эмитент өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Дүлей күшті жағдайлар ретінде олардың орнауын алдын ала білу немесе алдын алу мүмкін болмайтын жағдайлар (апаттық құбылыстар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу және шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсіндіріледі. Дүлей күшті жағдайлар туындаған кезде Эмитенттің осы Проспект бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне сәйкес кейінге жылжытылады.</p>
2)	облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған	<p>Эмитент өзінің міндеттемелері бойынша дефолттарды болдырмау мақсатында барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады және барлық қажетті шараларды қолданады, алайда осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт болған жағдайда Эмитент дефолттың пайда болу себептерін жою үшін барлық күшін салады, соның ішінде өзінің қаржы жағдайын жақсарту бойынша шаралар қолданады;</p> <p>Осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт орнаған жағдайда, Облигация Ұстаушысының талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады;</p>

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымының проспектісі


	<p>жағдайда эмитенттің қолданатын шаралары:</p>	<p>Облигациялар бойынша дефолт орнаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаптармен жүзеге асырылады.</p> <p>Эмитенттің кінәсі бойынша осы Проспектіде белгіленген мерзімде купондық сыйақы және/немесе негізгі борыш төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Эмитент ақшалай міндеттемені немесе оның бір бөлігін орындау күніне (яғни төлем жасалған кезеңнің ең соңғы күнінен кейінгі күні) белгіленген Уәкілетті органның ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің есебінен мерзімінен кешіктірілген әрбір күн үшін осы шығарылымның Облигацияларын ұстаушыларына өсімпұл төлейді.</p>
<p>3)</p>	<p>эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсиднарлық тұрғыда жауап беретін тұлғаларға талап қою тәртібі туралы мәліметтер қамтылатын дефолт фактілері туралы ақпаратты жіберу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:</p>	<p>Эмитент өзінің кінәсінен аталған облигациялар бойынша осы Проспектіде белгіленген мерзімде купондық сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлемеген немесе толық төлемеген күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Облигациялар бойынша дефолттың пайда болу себептерін және Эмитентке талап қою өтінішінің тәртібін қоса есептегенде, Облигация ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін, сондай-ақ Эмитент қабылдайтын іс-шараларды көрсете отырып, ақпараттық хабарламаны Эмитенттің ресми сайтында - www.bcc.kz, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың ресми сайтында (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийінде (www.dfo.kz) жариялау және облигация ұстаушылардың өкіліне хабарлау арқылы Облигация ұстаушыларға хабар береді.</p>
<p>4)</p>	<p>эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсиднарлық тұрғыда жауап беретін тұлғалармен жасалатын шарттың күні мен нөмірі, сондай-ақ заңды тұлғаны</p>	<p>Аталған шарттар қарастырылмаған.</p>

	(бұндай тұлғалар болған жағдайда) мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі:	
11.		<p>Эмитент қабылдайтын және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі заңында көзделмеген шектеулер (ковенанттар) (егер бұл облигацияларды шығару кезінде эмитент органының шешімінде көзделсе):</p> <p>Эмитент өз қызметінде Облигациялар айналысы басталған күннен бастап 5 (бес) жыл ішінде қолданыста болатын келесі шектеулерді (ковенанттарды) қабылдайды, олардың кез келгенін бұзу осы Проспектіде көзделген айырбастау тәртібіне және талаптарына сәйкес Облигация ұстаушыларының Облигацияларды Эмитенттің жай акцияларына айырбастау құқығын іске асыруына себепші болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Эмитент Уәкілетті орган белгілеген меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициентін орындауға міндеттенеді. 2. Эмитенттің басқарушы қызметкерлері мен акционерлері тарапынан Эмитенттің активтерін шығаруға қатысты іс-әрекеттерінің болмауы. <p>Эмитенттің активтерін шығару ретінде Эмитенттің қаржылық жағдайын және/немесе төлем жасау қабілеттілігін нашарлатуы мүмкін, нәтижесінде Эмитентке айтарлық залал келтірілген немесе келтірілуі мүмкін келесі жағдайлар түсіндіріледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ▪ Эмитенттің мүлкін осы мүлікті күтіп ұстауға және оны іске асыруға байланысты Эмитенттің барлық шығындарын есепке ала отырып, тәуелсіз бағалаушы белгілеген осы мүліктің нарықтың құнынан төмен бағамен үшінші тұлғаларға сату/неліктен шығару; ▪ үшінші тұлғалардан сапасы төмен немесе тәуелсіз бағалаушы белгілеген нарықтық құнынан жоғары бағамен мүлікті және (немесе) қызметтерді сатып алу немесе үшінші тұлғалардың осыған ұқсас мүлкі және (немесе) қызметтері сатып алынбаған жағдайларда; ▪ Эмитенттің номиналды ұстаушыларда – Қазақстан Республикасының резиденттерінде және бейрезиденттерінде, сондай-ақ тізілімдер жүйесінде ашылған жеке шоттарынан алынған, ұйымдастырылған нарықта айналыста болатын бағалы қағаздарын нарықтық құнынан төмен бағамен үшінші тұлғаларға сату/неліктен шығару; ▪ әдеттегі емес, типтік емес немесе ауыртпалық салынған шарттарды жасау, оған қоса әдейі қайтарылмаған қарыздар немесе әдеттегі іс-әрекет аясынан тыс жеңілдік талаптармен қарыздар беру; ▪ Нұсқаулықта белгілеген кепілдің тұрақты емес түрлеріне жатпайтын, камсыздандырумен, Нұсқаулыққа сәйкес жеке бағаланатын қарызды өтеу деңгейін 70%-ға және одан көп пайызға төмендету; ▪ егер Банк өзімен айырықша қатынастағы тұлғамен шарт жасасып, шарттың талаптарын орындамаса Эмитенттің мүлкін борыштық міндеттеме бойынша бас тарту төлемі ретінде тапсыру, ал шартта бас тарту төлемі ретінде Эмитентпен айырықша қатынастағы тұлғаға тапсырылатын мүлік есептеледі; ▪ Эмитентке және Эмитенттің еншілес ұйымдарына Облигациялардың айналысы басталған күні күнделікті шаруашылық қызметі жүзеге асырылатын тәртіппен қызметтің үздіксіздігі қағидаттарын негізге ала отырып, шаруашылық қызметті жүргізуіне кедергі болатын іс-әрекеттерді жүзеге асыру. <p>Аталған шектеулер (ковенанттар) активтердің сапасын жақсарту, соның ішінде проблемалы активтерді қайтару аясында Эмитенттің ішкі нормативтік құжаттарына және процедураларына сәйкес жүргізілетін Эмитенттің іс-шараларына қатысты қолданылмайды.</p> <p>Егер Облигациялар айналысы (немесе орналасуы) басталған күннен бастап 5 (бес) жыл аяқталғанға дейін Эмитент 100 (жүз) пайыз мөлшеріндегі негізгі капитал есебінен есеп берудің соңғы күнінде Оң айырманың мөлшерін шегеру талабымен Уәкілетті орган белгілеген меншікті капитал буферін есепке ала отырып, меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициентінің мәнін (k1, k1-2, k2) меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициентінің ең төменгі мәнінен (k1, k1-2, k2) жоғары болатын деңгейге жеткізген жағдайда, онда Уәкілетті орган аталған фактіні қабылдаған күннен бастап Проспектіде көрсетілген шектеулердің (ковенанттардың) күші жойылады.</p> <p>Шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде Эмитенттің және Облигацияларды</p>

«Банк ЦентрКредит» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымының проспектісі

	ұстаушылардың іс-әрекет ету тәртібі Проспектінің 5-тармағының 2)-тармақшасында көзделген.	
12.	Опциондар туралы ақпарат: Осы шығарылымның облигациялары бойынша опциондар қарастырылмаған.	
13.	Эмитенттің сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы: 1-қосымша	
14.	Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану:	
	1)	Эмитент облигацияларды орналастырудан алған ақшаны пайдалану мақсаты мен тәртібі: Облигацияларды орналастыру нәтижесінде Эмитент алған ақша толық көлемде Уәкілетті орган шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуға жұмсалады. Уәкілетті органмен келісе отырып, Эмитент босатылған соманы Эмитенттің және оның филиалдарының қызметін активтендіруге бағыттап отырып, мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды кезеңмен іске асыруға құқылы.
	2)	басталған кезде алынған ақшаны жоспар бойынша бөлуге қатысты өзгерістер болуы мүмкін талаптар, өзгерістерді көрсетіңіз: Басталған кезде алынған ақшаны жоспар бойынша бөлуге қатысты өзгерістер болуы мүмкін талаптар жоқ.
	3)	инфрақұрылымдық облигациялар шығарған кезде жасалған шарттың талаптарына сәйкес облигация ұстаушылардың өкілдері көрсеткен қызметке ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі: Осы шығарылымдағы облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.
15.	Жобалық қаржыландыру кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде қосымша көрсетіледі: Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.	
16.	Секьюритизация кезінде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығарған кезде қосымша көрсетіледі: Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.	

Басқарма Төрағасы



Хусаннов Г.А.

1-қосымша

	2018ж.	2019ж.	2020ж.	2021ж.	2022ж.	2023ж.	2024ж.	2025ж.	2026ж.	2027ж.	2028ж.	2029ж.	2030ж.	2031ж.	2032ж.
К/шоттар	16,8	10,0	5,0	2,0	-8,2	2,1	-1,0	-0,8	1,4	0,6	-4,0	-2,5	-1,0	0,6	0,2
Резервтік талаптар	-3,0	-1,4	-2,1	-2,1	-2,0	-2,3	-1,5	-1,5	-1,5	-2,0	-1,5	-1,2	-1,3	-1,4	-1,4
Бағалы қағаздар	-13,0	-7,0	-7,0	-1,0	1,0	-2,0	-2,0	1,0	-2,3	-1,7	2,0	1,7	-9,0	-2,4	-8,0
РЕПО	0,0	0,0	0,0	0,0	0,0	0,3	0,6	0,6	1,6	-0,4	-2,4	3,0	1,0	-1,0	-3,0
БАН	0,0	3,0	-4,2	1,0	2,0	1,5	-2,0	-2,0	1,8	0,4	-4,0	-8,0	-4,0	-1,0	1,0
Өзге	3,7	4,8	3,0	0,6	1,7	2,0	-1,0	1,0	-2,0	-1,0	1,0	0,8	-1,0	2,0	1,5
Кредиттер (нетто)	-35,4	-36,8	-38,3	-39,8	-36,0	-41,4	-42,0	-43,0	-44,0	-45,2	-46,0	-47,0	-48,4	-49,4	-50,2
Ақша шығушының жылжытығы	-30,9	-27,4	-43,6	-39,3	-41,5	-39,8	-48,9	-44,7	-45,0	-49,3	-54,9	-53,2	-63,7	-52,6	-59,9
ХҚИ	0,1	0,2	0,1	0,2	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
Бағалы қағаздарды орналастыру/өтеу	-5,1	8,2	0,0	-1,0	1,5	1,0	0,0	5,0	2,0	-2,0	6,0	0,0	2,0	-2,0	0,0
Депозиттер	36,2	34,8	36,0	37,0	37,5	38,7	39,9	41,1	42,3	43,5	44,7	44,8	46,0	47,2	48,4
БАД	-2,0	-9,0	1,5	-1,5	-2,0	-1,0	0,5	-2,0	-4,0	3,0	-4,0	0,6	4,0	0,5	0,1
Пайда	4,3	4,6	4,8	5,0	5,2	5,7	6,2	6,7	7,2	7,7	8,2	8,7	9,2	9,7	10,2
Өзге	0,8	-11,1	0,0	0,3	0,1	-5,0	0,3	-3,0	-2,0	-3,6	4,0	0,0	1,0	0,0	0,4
Ақша түсімінің жылжытығы	34,3	27,7	42,4	40,0	42,4	39,5	47,0	47,9	45,6	48,7	59,0	54,2	62,3	55,5	59,2
Кезең басындағы кэш	40,0	43,4	43,6	42,5	43,2	44,1	43,8	41,9	45,1	45,7	45,1	49,2	50,2	48,8	51,7
Кезең соңындағы кэш	43,4	43,6	42,5	43,2	44,1	43,8	41,9	45,1	45,7	45,1	49,2	50,2	48,8	51,7	51,0

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
Республикалық мемлекеттік мекемесі

ТІРКЕДІ

Олж

№ 17

«17»

Протестовано и
протестувано на

57 листах

[Handwritten signature]

Правления
Кубанов Г.А.

Главный бухгалтер
Нургалеева А.Т.